

"Мұнайгазқұрылыс" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 8 қыркүйек N 839. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.14. N 1725 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстанмұнайгазқұрылыс" Қазақ мемлекеттік мұнай-газ құрылыс концернінің құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдар негізінде "Мұнайгазқұрылыс" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан әрі "Мұнайгазқұрылыс" компаниясы) құрылсын.

2. "Мұнайгазқұрылыс" компаниясы қайта құрылатын "Қазақстанмұнайгазқұрылыс" концернінің мүлікті құқықтары мен міндеттерінің заңды мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

3. "Мұнайгазқұрылыс" компаниясына:
мұнай-газ саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыру ісіне қатысу;

Компания кәсіпорындарына басқару, экономика, қаржы, шарт-құқық мәселелерінде практикалық көмек көрсету, құрылыс индустриясының кәсіпорындарын жаңғырту, өндірістік базаларды дамыту, Компанияға кіретін кәсіпорындардың қуатын арттыру үшін шетелдік инвестициялар тарту мен пайдалану;

мұнай-газ құрылысы саласында ғылыми-техникалық талдамаларды енгізу мен жүзеге асыру жөнінде бірыңғай саясат жүргізу мәселелерінде мемлекеттің мүддесін білдіруге өкілеттік берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігімен және "Қазақстанмұнайгазқұрылыс" концернімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде осы қаулыға қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес бірлестіктер, кәсіпорындар мен ұйымдар құрамында "Мұнайгазқұрылыс" компаниясын құру жөніндегі құжаттар пакетін қабылдап, "Мұнайгазқұрылыс" компаниясына оның құрамына кіретін кәсіпорындардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқын беру, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен Компания құрамына

кіретін бұрын құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқын беру көзделсін. Мемлекеттік кәсіпорындардың акцияландырылуына қарай акционерлік қоғамдар акциялары пакеттерінің Қазақстан Республикасында мемлекет меншігінен алу және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті сататындарынан басқасы "Мұнайгазқұрылыс" компаниясының иеленуіне, пайдалануына және басқаруына берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Компанияны қажетті техникалық байланыс құралдарымен қамтамасыз ету ісінде жәрдем мен көмек көрсетсін.

6. "Мұнайгазқұрылыс" компаниясының басшылары Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру барысында шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері" деген 1993 жылғы 14 шілдедегі N 606 қаулысымен бекітілген тәртіппен тағайындалады және бекітіледі.

7. "Мұнайгазқұрылыс" компаниясының орналасқан жері Маңғыстау

облысының Ақтау қаласы деп белгіленсін.

8. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстанмұнайгазқұрылыс" Қазақ мемлекеттік мұнай-газ құрылыс концерні туралы" 1991 жылғы 30 желтоқсандағы N 817 қаулысының күші жойылды деп саналсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 8 қыркүйектегі

N 839 қаулысына

Қосымша

"Мұнайгазқұрылыс" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамына кіретін кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың

Тізбесі

"Тенгизинтергазстрой" тресі, Атырау облысының қала үлгісіндегі

Құлсары поселкесі

"Прикаспийскнефтегазстрой" тресі, Атырау облысының қала үлгісіндегі

Құлсары поселкесі

"Казахинтергазстрой" тресі, Батыс Қазақстан облысының Ақсай қаласы "
Қарашығанақгазқұрылыс" тресі, Батыс Қазақстан облысының Ақсай қаласы N 2
құрылыс басқармасы, Шымкент қаласы "Құмкөлқұрылыс" құрылыс басқармасы,
Қызылорда қаласы "Ақтөбемұнайгазқұрылыс" бірлестігі, Ақтөбе қаласы N 10
құрылыс-монтаждау басқармасы, Ақтау қаласы "Петропавлмұнайгазқұрылыс"
мемлекеттік кәсіпорны, Петропавл қаласы Өндірістік кәсіпорындар комбинаты,
Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласы

Өндірістік-технологиялық жинақтау акционерлік кәсіпорны, Ақтау
қаласы

"Аттау" - Ақтау тұрғын үй-құрылыс жалгерлік кәсіпорны, Ақтау
қаласы

"Өркен" шағын кәсіпорны, Ақтау қаласы

"Нефтегазспецсантехмонтаж" шағын кәсіпорны, Маңғыстау облысының
Жаңа Өзен қаласы

Шымкент автокөлік кәсіпорны, Шымкент қаласы

"Өзен" акционерлік құрылыс фирмасы, Маңғыстау облысының Жаңа Өзен
қаласы

Қызылорда автокөлік кәсіпорны, Қызылорда қаласы

Петропавл жалгерлік автокөлік кәсіпорны, Петропавл қаласы "Өзен-көлік"
акционерлік қоғамы, Маңғыстау облысының Жаңа Өзен қаласы "Маңғыстау"
акционерлік қоғамы, Маңғыстау облысының Бірлік поселкесі Құлсары автокөлік
кәсіпорны, Атырау облысының қала үлгісіндегі Құлсары поселкесі Каспий маңы
жұмысшыларды жабдықтау сауда-өндіріс бірлестігі, Атырау қаласы Ақтау
жұмысшыларды жабдықтау бөлімі, Ақтау қаласы Алматы жұмысшыларды
жабдықтау бөлімі, Алматы қаласы "Қазақстаннефтегазстрой" концернінің
құрылымдық бөлімшелері (заңды ұйым құқығынсыз):

"N 4 құрылыс басқармасының" арендалық ұжымы, Маңғыстау облысының
Ақтау қаласы;

"Құрылысты механикаландыру басқармасының" арендалық ұжымы,
Маңғыстау облысының Ақтау қаласы;

Өндірістік байланыс басқармасы, Маңғыстау облысының Ақтау қаласы;

Шаруашылық есептегі энергия бөлімі, Маңғыстау облысының Ақтау қаласы;

Күрделі құрылыс басқармасы, Маңғыстау облысының Ақтау қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК